

1 тақырып. Ежелгі адамдар және көшпелі өркениеттің қалыптасуы – 1 сағат

Дәріс жоспары:

- 1.«Қазақстан тарихы» пәні: курстың пәні, мақсаты, міндеттері. Кезеңдеу, деректер
- 2.Қазақстан аумағындағы тас ғасырына қатысты археологиялық ескерткіштердің ашылуы
- 3.Ұлы дала аумағындағы энеолит және қола дәуірі

«Қазақстан тарихы» пәні жоғары оқу орындары студенттері оқитын жалпы білім беретін пәндер (міндетті компонент) циклына кіреді. Пәннің мақсаты – Қазақстан тарихының ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі негізгі даму кезеңдері туралы объективті білім беру.

Тарихи үдерісті кезеңдерге бөлу. Тас дәуіріндегі Қазақстан аумағының ландшафтық-климаттық өзгеріске ұшырауы. Қазақстан аумағы – homo sapienстің қалыптасу ошақтарының бірі. Қазақстан аумағындағы тас ғасырына қатысты археологиялық ескерткіштердің ашылуы. Ежелгі адамның шаруашылығы мен тұрмысы. Тарихқа дейінгі кезеңдегі адамның мәдениеті. Ерте палеолиттегі өнер мен діни түсініктердің қалыптасуы.

Ежелгі металлургия кезеңіндегі көшпелілер өркениетінің қалыптасуының алғышарттары. Ұлы даладағы энеолит және қола дәуірі. Ежелгі темір өңдеу техникасы. Мал шаруашылығы негізінде өндіруші шаруашылықтың қалыптасуы және оның кезеңдері. Солтүстік Қазақстандағы Ботай мәдениеті. Қазақстан – жылқыны қолға үйретудің ежелгі ошағы. Еуразия өркениетінің қалыптасуындағы атқа міну мәдениетінің тарихи маңызы. Еуразияда көне жылқы көлігі коммуникациясының дамуы. Дала аймағы – көне дөңгелекті көлікті даму орталықтарының бірі. Қазақстан аумағында кен ісі орталықтарының қалыптасуы. Материалдық мәдениет. Жерлеу тәсілдері мен салт-ғұрыптары. Қоныстар мен тұрғын үйлер. Орталық Қазақстанда қыш жасаудың дамуы. Қоғамдық құрылымы мен рухани мәдениеті. Еуразиялық дала жүйесіндегі Қазақстан аумағы (үндіеуропалық көші-қон). Ежелгі қалалар мәдениеті. Соңғы қола және ерте темір дәуірі тайпаларының этномәдени сабақтастығы.